



**Автор:** Шуленбаева Жазира

**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

**Сынып:** 6-сынып


**Бөлім:** Компьютерлік ойындарды жасау

**Тақырып:** Лабиринттан шығу жолды табу

|   |   |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 6.3.2.2-блок схема түріндегі алгоритмді ұсыну.  |
| Сабақтың мақсаты:                             | <ul style="list-style-type: none"><li>• Орындаушылар мен жүйелік командалар мысалдарын келтіру;</li><li>• Алгоритмді ауызша түрде ұсыну</li></ul>   |
| Тілдік мақсаттар:                             | Оқушылар алгоритмді өту алгоритмін суреттей алады Диалог пен хатқа арналған пайдалы сөздер: Егер... (шарт), онда ... Аталмыш мәселені шешу үшін мен ... Ұсыныстарды таныстру үшін мен келесіні таңдадым ... Менің бағдарламам келесі командалардан тұрады ... |
| Күтілетін нәтиже:                             | Оқушының жаңа тақырыптың толық меңгеруі   |
| Бағалау критерийлері:                         | алгоритм анықтамасын тұжырымдау алгоритмді ауызша түрде ұсыну орындаушылар мен жүйелік командалар мысалдарын келтіру оңтайлы бағыт табу   |
| Құндылықтарды дарыту:                         | Өмір бойы оқу, бірін бірі бағалау   |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     | Интербелсенді тақта жеке-жеке компьютер   |
| Пәнаралық байланыс:                           | Логика, математика  |
| Бастапқы білім:                               | Осы сабақ алдында оқушылар нені білді және нені білу қажет? (негізгі , фактілер, формулалар, теориялар) Қолданыстағы білімді қалай жетілдіруге болады?  |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері      | Жоспарланған іс-әрекет  | Ресурстар |
|----------------------|---|-----------|
| Сабақтың басы (5мин) | Ұйымдастыру сәті Оқушылармен амандасу, қатысушыларды тексеру Білімді өзектендіру «Ассоциации» оқыту ойынын ұйымдастыру Парақшаға алдыңғы сабақтарды өтілген тақырыпқа қатысы бар сөздерді немесе сөйлемдерді жазыңыздар. Оқушылар кезекпен парақшаларды алып, оларды түсіндіреді.<br>Соңғы парақшада «виртуалды шындық» сөзтіркесін түсіндіреді.<br>Оқушыларға аталмыш түсінікті талқылауды ұсыну. Оқушылармен біріге отырып, сабақтың мақсатын анықтау/оқыту мақсаты |           |

| Сабақкезеңдері             | Жоспарланған іс-әрекет  | Ресурстар |
|----------------------------|---|-----------|
| Сабақтың ортасы<br>(30мин) | <p>Жаңа материалды оқу Оқушылардан виртуалды лабиринттен өтуге арналған таныс бағдарламаларды атап өтуін сұраңыз.</p> <p>«Виртуалды шындық» анықтамасын талқылаңыз. Аталмыш сабақта құрастырылатын алгоритмдер виртуалды орындаушыға арналғанын оқушыларға түсіндіру. Оқушыларға бағытты құруға арналған қазіргі заманғы цифрлы құрылғыларды атап өтуді ұсыну (бағыттаушы). Аталмыш құрылғы қандай жағдайда пайдаланылатынын талқылау. Орындаушыны зерттеу Оқушыларға суретті қарастыруды ұсыну. Орындаушы картада белгіленген бағыт бойынша А нүктесінен Б нүктесіне жете ала ма. Тапсырманы орындау үшін орындаушыға қандай бұйрық беру керек? Орындаушы қиылыстан қалай өтеді? (И)</p> <p>Оқушылар Робот-такси орындаушысына бұйрық жазады Қиылысқа дейін алға қарай жүру (ВП)</p> <p>Қызыл түс жанса, тоқтау (КС)</p> <p>Жасыл түс жанса, солға бұрылу (ЗЛ)</p> <p>Жасыл түс жанса, оңға бұрылу (ЗП)</p> <p>Жасыл түс жанса, ары қарай алға жүру (ЗД)</p> <p>Тұрақта тоқтау (Р)</p> <p>Оңға бұрылу (П)</p> <p>Солға бұрылу (Л)</p> <p>Өзіндік жұмыс (ИК)</p> <p>А нүктесінен Б нүктесіне жету үшін Робот-такси орындаушысына ауызша түрде алгоритм құрап оны жаз.</p> <p>Оқушылардың алгоритмін тексеру.</p> <p>Барлық бағыттарды салыстыру, талқылау және де тиімді жолды табу.</p> <p>Аталмыш тапсырманы орындау үшін оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ережеге сәйкес белгіленген орындаушыға ауызша түрде алгоритм жаза алады.</li> <li>• Белгіленген мақсатқа жету үшін орындаушының командалық жүйесін анықтау (И) Оқушыларға бағдарламалауды енгізу үшін code.org сайтындағы «Лабиринт» кезеңінен өтуді ұсыну.</li> </ul>  <p>Image not found or type unknown</p> <p>Сұрақтар туындаған жағдайда мұғалім оқушыларға көмектеседі. Қосымша тапсырма Сенің үйің мен мектебін орналасқан карта-бағыт құрастыр. Оны қағаз бетіне түсір. Мектептен үйіңе жету үшін Робот-такси алгоритмін құр.</p> |           |
| Сабақтың соңы<br>(3мин)    | Сабақты қорытындылау  |           |

| Сабақкезеңдері      | Жоспарланған іс-әрекет  | Ресурстар |
|---------------------|---|-----------|
| Рефлексия<br>(2мин) | Аталмыш тақырыпты өткен соң сен не үйрендің ?<br>Сен қандай іс-әрекет атқардың?<br>Бәрінен де саған не ұнады? |           |